**Ғылыми және ғылыми-педагогтық кадрларды аттестациялау жөніндегі құжаттарды бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі 1999 жылғы 6 тамыз N 312 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 908. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 732 бұйрығымен .

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 732 бұйрығымен.*

*-----------Бұйрықтан үзінді-------------*

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 наурыздағы N 77-ө өкіміне сәйкес білім және ғылым мәселелері бойынша заңға тәуелді кесімдерге тексеріс өткізу барысында қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін актілер анықталды. Ведомстволық нормативтік базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Күші жойылды деп танылсын:*

*. . .*

*3) N 908 тіркелген, "Ғылыми және ғылыми педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары Білім министрінің 1999 жылғы 6 тамыздағы N 312 бұйрығы...*

*Министрдің міндетін атқарушы*

*--------------------------------------*

Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогтық кадрларды аттестациялау жүйесін жетілдіру мақсатында Бұйырамын:

1. Төмендегі:

1) Ғылыми дәрежелер беру ережелері;

2) Ғылыми атақтар беру ережелері;

3) Диссертациялық кеңес туралы ереже және оларды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енгізу туралы құжаттар бекітілсін.

2. Жоғары аттестациялық комиссия (А.Ә. Жеңсикбаев) жоғарыда аталған нормативтік құжаттарды заңмен белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік

тіркеуге жіберсін.

3. Төмендегі:

1) Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының 1998 жылғы 28 қыркүйектегі N 197 бұйрығының;

2) Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының 1998 жылғы 9 желтоқсандағы N 243 бұйрығының күштері жойылсын.

4. Жоғары аттестациялық комиссияның Төрағасы (А.Ә. Жеңсыкбаев) мекеменің бұрын қабылдаған нормативтік актілерін жоғарыда бекітілген құжаттарға сәйкестендірсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министрге (Е.Е. Ерғожинге) жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
1999 ж. 6.08. N 312
бұйрығымен бекітілген

## Ғылыми дәрежелер беру ережелері

### 1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер ғылымның белгілі бір саласында терең кәсіптік білімі және ғылыми жетістіктері бар адамдарға ғылым докторы мен кандидаты ғылыми дәрежесін беру тәртібін белгілейді.

2. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденушіге көпшілік алдында диссертация қорғағаннан кейін республиканың мемлекеттік аттестаттау органы құрған диссертациялық кеңестің өтініш-хаты негізінде, тиісті сараптау кеңесінің қорытындысын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясы (бұдан әрі - Қазақстан ЖАК-ы) береді.

Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін жоғары арнайы білімі бар білікті маман немесе магистр академиялық дәрежесі бар ізденушіге көпшілік алдында диссертация қорғауы негізінде Қазақстан ЖАК-ы құрған диссертациялық кеңес береді.

3. Ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарына белгіленген мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

### 2. Диссертациялық кеңестер

4. Диссертациялық кеңестер жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестаттау жүйесінің негізгі буыны болып табылады және оларды штатты қызметкерлері белгілі бір ғылым саласында жетекші ғалымдар болып табылатын және арнайы ғылыми басылымдарда ғылыми еңбектері жиі

жарияланып жүрген, сондай-ақ, өздері сұраған мамандықтардан докторантурасы (аспирантурасы), кафедрасы (бөлімі, лабораториясы), жұмыс істеп тұрған ғылыми семинары бар, тиісті ғылым саласында өз жетістіктерімен танылған жоғары оқу орындарында, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда (бұдан әрі - ұйымдар) олардың өтініш хаттары бойынша Қазақстан ЖАК-ы құрады.

Диссертациялық кеңестер диссертацияларға жасалған бағалаулардың сапасы мен объективтілігі, сондай-ақ, қабылданған шешімдердің негізділігі үшін жауап береді және ізденушілерді аттестаттау кезінде жоғары талапшылдық деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

Осы Ережедегі талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда Қазақстан ЖАК-ы диссертациялық кеңестің шешімін жоюы, кеңес басшылығын және кеңес мүшелерін ауыстыруы, диссертациялық кеңес жұмысын уақытша тоқтатуы немесе оны таратып жіберуі мүмкін.

Диссертациялық кеңесті жасақтау мен оның қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҒЖБМ) бекітетін Диссертациялық кеңес туралы ережемен анықталады.

5. Қазақстан ЖАК-ы әрбір ғылыми мамандық бойынша ғылыми қызметкерлер мамандықтары номенклатурасына енгізілген өзгерістерді және басқа да жағдайларды ескере отырып, диссертациялық кеңестердің жүйесін құрады, олардың қызметін үйлестіріп және қайта қарап отырады.

6. Қазақстан ЖАК-ы құрған диссертациялық кеңестер жұмыс істейтін ұйымдардың басшылары алдында есеп береді, осы ұйымдардың мөрі мен бланктарын пайдаланады. Ұйым басшылары диссертациялық кеңестердің жұмысына қажетті жағдай туғызуды өз жауапкершілігіне алады.

7. Мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін ізденушілердің диссертация қорғауын өткізу (ресми оппоненттер мен диссертациялық кеңестердің ғалым хатшыларының еңбегіне ақы төлеу) белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан ЖАК-ы арқылы республикалық бюджет есебінен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік емес ұйымдардың ізденушілері мен шетел азаматтарының диссертацияларын қорғатуға кететін шығындарды төлеу ізденушілердің өз есебінен немесе олар істейтін ұйымдардың есебінен нормативтік құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасы ҒЖБМ бекіткен диссертация қорғаумен байланысты шығындарға белгіленген баға* бойынша орталықтандырылған тәртіппен іске асырылады.

Диссертацияларды қарау мен қорғауға байланысты өзге шығындарды** төлеу диссертациялық кеңес құрылған ұйымдарға жүктеледі.

---

* Мемлекеттік емес ұйымдардың ізденушілері мен шет мемлекеттер азаматтарының диссертация қорғауымен байланысты шығындарға кеңес

хатшысының, ресми оппоненттердің еңбегіне төленетін ақы олардың жолсапар шығыны, автореферат шығару ақысы кіреді.

** Өзге шығындарға диссертациялық кеңес мәжілісін өткізуге орын бөлумен, ұйымдастыру техникасын пайдаланумен, Қазақстан ЖАК-ына жіберетін аттестациялық істерді рәсімдеумен байланысты шығындарды төлеу жатады.

### 3. Кандидаттық емтихандар

8. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін ізденуші төмендегі пәндерден кандидаттық емтихан тапсыруы қажет:

философия;

шет ел тілі;

мамандығы бойынша арнайы пән.

Кандидаттық емтихан тапсыратын ізденуші орындайтын диссертациялық жұмысының бағыты бойынша жоғары арнайы білімі бар білікті маман немесе магистр академиялық дәрежесі болуы керек.

Орындайтын диссертациялық жұмысының бағытына сай келмейтін жоғары арнайы білімі бар білікті маман немесе магистр академиялық дәрежесі бар ізденуші осы ғылымның жалпы курсы бойынша қосымша кандидаттық емтихан тапсырады.

Кандидаттық емтихан тапсырғаны туралы N 3 нысан бойынша анықтаманы мамандығы бойынша арнайы пәннен емтихан тапсырған ұйым толтырады. Кандидаттық емтихандардың бағалары он жыл бойына жарамды.

9. Кандидаттық емтихандар өткізу тәртібі және оны өткізу шығындарын толтыруды Қазақстан ЖАК-ы белгілейді. Кандидаттық емтихандардың типтік бағдарламасын Қазақстан ЖАК-ы дайындайды және бекітеді. Мамандық бойынша арнайы пәннің қосымша бағдарламаларын тиісті диссертациялық кеңестер дайындап, бекітеді.

### 4. Диссертацияларға қойылатын талаптар

10. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация ізденушінің ғылымға қосқан маңызды үлесін көрсететін, дербес ғалым ретінде өсіп жетілгенін білдіретін арнайы дайындалған қолжазба түріндегі ғылыми білікті жұмыс болуы керек. Диссертацияда автордың жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде тиісті ғылыми бағыттың дамуындағы жаңа ірі жетістік ретінде тануға болатын теориялық қағидалар шығарылған немесе маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси мәні бар ғылыми проблема шешімін тапқан, я болмаса өндіріске енгізу арқылы ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қосылған айтулы үлес болып есептелетін техникалық, экономикалы немесе технологиялық шешім баяндалған болуы қажет.

11. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация арнайы даярланған қолжазба түрінде тапсырылған ғылыми білікті жұмыс болуы

керек. Онда тиісті ғылым саласында елеулі маңызы бар мәселені шешетін немесе ғылымның қолданбалы мәселелерін шешуді қамтамасыз ете алатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық зерттеулер баяндалған болуы керек.

12. Диссертация ізденушінің өзі жазған, көпшілік алдында қорғауға ұсынатын жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидаларының жиынтығы баяндалған, іштей бірлігі сақталған, автордың ғылымға қосқан жеке үлесін көрсететін жұмыс болуы керек.

Автордың қорғауға ұсынған жаңа шешімдері ғылымда бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла отырылып, жеткілікті дәлелденіп, қатаң сыни тұрғыдан бағалануы қажет.

Қолданбалы мәні бар диссертацияда авторлық куәліктермен, патенттермен және басқа ресми құжаттармен расталған автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің практикада қолданылуы туралы мәліметтердің келтірілуі, ал теориялық мәні бар диссертацияда оның ғылыми нәтижелерін пайдалану жайында ұсыныстардың болуы қажет. Диссертация мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде тапсырылады.

Диссертацияның рәсімделуі Қазақстан ЖАК-ы белгілеген талаптарға сәйкес болуы қажет.

13. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері Қазақстан ЖАК-ы ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған болуы керек.

Автордың жарияланған еңбектерінде диссертация мазмұнының толық қамтылуын диссертациялық кеңес анықтайды.

14. Диссертация жазу үстінде ізденуші материалдарын немесе жекелеген нәтижелерін пайдаланған авторларға және дерек көздеріне сілтемелер жасауға міндетті.

Диссертацияда ізденуші өзге авторлармен бірлесе отырып жазылған ғылыми еңбектердегі ойлар мен ізденістерді пайдаланған жағдайда, ол оны диссертацияда көрсетуге міндетті.

Ізденуші авторын және дерек көзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланған жағдайда, талқылаудың қай тұсында екеніне қарамастан, диссертация қайта қорғау құқығынсыз әрі қарай қараудан алынып тасталады.

## 5. Диссертацияларды қорғауға ұсыну және қорғау

15. Диссертация даярланған ұйым немесе ізденушінің бекітілген ұйымы қорғауға келіп түскен диссертацияны алдын ала талқылаудан өткізіп, диссертацияда баяндалған зерттеу нәтижелерін алудағы автордың өзінің нақтылы қатысын, жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерінің негізділігін, оның жаңалығы мен практикалық маңыздылығын, диссертацияның мамандық атауына сәйкестігін, автордың жарияланған еңбектерінде диссертация

материалдарының толық қамтылуын айқындайтын қорытынды береді.

Қорытынды диссертацияның алдын ала сараптауға түскен күнінен бастап кандидаттық диссертация үшін екі ай, докторлық диссертация үшін үш ай мерзімнен кешіктірілмей ізденушіге табыс етілуі қажет.

16. Диссертациялық кеңес диссертацияны алдын ала карауға құжаттардың Қазақстан ЖАК-ы белгілеген тізбеге сәйкес болғанда ғана қабылдайды.

Медицина ғылымдары бойынша диссертация қорғауға жоғары медициналық білімі бар білікті маман немесе медицина магистрі академиялық дәрежесі бар адам жіберіледі; мал дәрігерлік ғылымдары бойынша мал дәрігерлік жоғары білімі бар білікті маман немесе мал дәрігерлік магистр академиялық дәрежесі бар адам жіберіледі.

Диссертациялық кеңесте диссертацияның алдын ала қаралу рәсімі Диссертациялық кеңес туралы ережеге сай белгіленеді.

17. Ұйымның басшылары мен олардың орынбасарларына өздерінің негізгі қызмет орындарындағы диссертациялық кеңесте диссертация қорғауға рұхсат етілмейді.

18. Диссертация тақырыбы бірнеше мамандықтардың түйіскен тұсынан болып, ал диссертациялық кеңеске олардың біреуінен диссертация қорғау құқығы берілген жағдайда, диссертациялық кеңестің өтінішімен бір жолғы қорғау ұйымдастыру үшін Қазақстан ЖАК-ы тиісті рұхсат бере алады және кеңес құрамына жоқ мамандықтан автореферат бойынша қажетті мөлшерде ғылым докторларын кіргізеді.

19. Диссертациялық кеңес барлық қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап кандидаттық диссертация үшін екі ай, ал докторлық диссертация үшін үш ай мерзімнен асырмай диссертацияны қорғауға қабылдайды немесе сол мерзімде ізденушіге диссертацияны қабылдаудан бас тарту себептері туралы дәлелді қорытынды береді.

20. Диссертациялар бойынша кеңестің рұхсатымен докторлық диссертация үшін көлемі екі баспа табаққа дейін, ал кандидаттық диссертация үшін бір баспа табаққа дейінгі мөлшерде сол диссертация жазылған тілде қолжазба құқығындағы диссертацияның автореферaты басылып шығуға тиіс. Қоғамдық ғылымдар саласы бойынша автореферат көлемі тиісінше 2,5 және 1,5 баспа табаққа дейін көбейтілуі мүмкін. Авторефераттың рәсімделуі Қазақстан ЖАК-ы белгілеген талаптарға сәйкес болуы қажет.

Авторефератта диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары баяндалып, жүргізілген зерттеуге автордың қосқан үлесі, жаңалық дәрежесі мен зерттеу нәтижесінің практикалық құндылығы көрсетілуі тиіс. Диссертацияның авторефераты мемлекеттік немесе орыс тілінде баспахана тәсілімен немесе көбейткіш аппараттарда диссертациялық кеңес белгілеген данада бастырылып

шығарылады.

Автореферат диссертациялық кеңес мүшелеріне және мүдделі ұйымдарға диссертация қорғаудан бір ай бұрын таратылады.

Автореферат жіберілуге тиісті адресаттар тізімін диссертацияны қорғауға қабылдап алған диссертациялық кеңес анықтайды. Бұл тізімге диссертация саласы бойынша жұмыс істейтін өзге диссертациялық кеңестер, мүдделі ұйымдар мен тиісті ғылым саласынан жетекші маман ғалымдар енгізіледі.

Авторeферттар міндетті түрде жіберілетін ұйымдардың тізімін Қазақстан ЖАК-ы белгілейді.

21. Қорғауға қабылданған диссертацияның бір данасы мен автореферaттың екі данасын ізденуші қорғауға ең кемі бір ай қалғанға дейін диссертациялық кеңес қызмет ететін ұйымның кітапханасына тапсырады, сол орында ол Қазақстан ЖАК-ында кеңес шешімі бекігенге дейін қолжазба құқығында сақталады.

22. Диссертациялық кеңестер диссертация бойынша ғылымның осы саласындағы білікті ғалымдардың ішінен ресми оппоненттер тағайындайды; бұл жағдайда олардың тек біреуі ғана диссертация қорғалатын кеңестің мүшесі болуы мүмкін.

Докторлық диссертация бойынша ғылым докторы дәрежесі бар үш ресми оппонент тағайындалады.

Кандидаттық диссертацияларға біреуі ғылым докторы, екіншісі ғылым докторы не кандидаты болып келетін екі ресми оппонент тағайындалады.

Ресми оппоненттерді диссертациялық кеңестің өзі тағайындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, оларды Қазақстан ЖАК-ы тағайындауы мүмкін.

23. Диссертациялық кеңес ресми оппоненттердің, жетекші ұйымның, диссертациялық жұмыстың ғылыми жетекшісінің (кеңесшісінің) бір біріне тәуелсіздігі қағидасын қатаң басшылыққа алуға тиіс. Қазақстан ЖАК-ы төралқасының, сараптау кеңесінің мүшелері мен аппарат қызметкерлері, диссертация қаралатын диссертациялық кеңестің төрағалары, төрағаның орынбасарлары мен ғалым хатшылары, ізденушінің ғылыми жетекшілері ( кеңесшілері), ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерінің авторластары, сондай-ақ, диссертациялық жұмыс даярланған немесе ізденуші қызмет ететін ұйымның, жоғары оқу орындарының басшылары, сонымен қатар ізденуші тапсырыс беруші немесе орындаушылардың бірі болып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін кафедраның, лабораторияның, сектордың, бөлімнің қызметкерлері ресми оппонент бола алмайды. Ресми оппоненттер әр түрлі ұйымдардың қызметкерлері болуға тиіс және жетекші ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

24. Ресми оппонент диссертация мен оның тақырыбы бойынша жарияланған

еңбектерін зерттеудің нәтижесінде диссертациялық кеңеске диссертация тақырыбының өзектілігін, диссертациядағы ғылыми тұжырымдардың, қорытындылар мен ұсыныстардың дәлелділік деңгейін, негізділігі мен жаңалығын, ақырында, диссертацияның осы Ереже талаптарына сәйкестілігін айқындайтын жазбаша пікірін тапсырады.

Ресми оппоненттер пікірлерінің көшірмесі ізденушіге диссертациясының қорғалуы алдында кем дегенде 10 күн бұрын беріледі.

Диссертациялық кеңес ресми оппоненттің пікірлері белгіленген талаптарға сай келмеген жағдайда, немесе жетілдіре түсу үшін оны қайтарып беруге болмаса ресми оппонентті ауыстыруға құқылы.

25. Диссертациялық кеңестер қорғалатын диссертация мамандығы бойынша ғылым докторлары істейтін тиісті ғылым не практика саласындағы жетістіктерімен кеңінен танымал болған ұйымдардан (ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік ұйымдар мен жоғары оқу орындарынан), әдетте Қазақстан ЖАК-ы бекіткен тізбе бойынша диссертацияға жетекші ұйымды тағайындайды.

Жетекші ұйымның пікірінде диссертация авторының қолы жеткен нәтижелерінің ғылым мен практика үшін маңыздылығы көрсетіледі.

Пікірде, сондай-ақ, диссертацияның тұжырымдары мен қорытындыларын пайдалану туралы нақты ұсыныстардың болуы шарт.

Жетекші ұйымның пікірін оның басшысы немесе оның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекітеді.

Жетекші ұйым пікірінің көшірмесі ізденушіге диссертация қорғалардан ең кемі 10 күн бұрын беріледі.

Диссертациялық кеңес жетекші ұйымның пікірі белгіленген талаптарға сай келмесе, кері қайтаруға немесе жетекші ұйымды ауыстыруға құқылы.

26. Кеңес ізденушінің тілегі бойынша теріс пікірлер мен қорытындылардың болғанына қарамастан, диссертация қорғауды тағайындауға ерікті.

27. Ереженің 13-бабына сәйкес, ізденушінің диссертацияның негізгі нәтижелері баяндалған жұмыстары жарияланғаннан кейін докторлық диссертация қорғау - екі айдан, кандидаттық диссертация қорғау - бір айдан ерте өткізілмеуге тиіс.

28. Диссертациялық кеңестің мәжілісі, егер оның жұмысына ресми оппоненттер және кеңес құрамының кемінде үштен екісі, қорғалатын докторлық диссертациясының әр мамандығы бойынша кеңес мүшелерінен кемінде үш ғылым докторы және қорғалатын кандидаттық диссертацияның әр мамандығы бойынша кемінде екі ғылым докторы міндетті түрде қатысса, құқықты болып саналады.

Диссертациялық кеңестің ғылыми дәреже беру мәселесі туралы оң шешімі мәжіліске қатысып отырған кеңес мүшелерінің ең кемінде үштен екісі, бірақ

тізімдегі кеңес құрамының жартысынан көбі дауыс бергенде ғана қабылданды деп есептеледі.

29. Диссертацияны көпшілік алдында қорғау ғылыми пікірсайыс сипатында болуға тиіс және жоғары талапшылдық, принципшілдік және ғылыми этика нормаларын сақтау жағдайында өткізілуге тиіс, соның өзінде диссертацияда баяндалған ғылыми және практикалық сипаттағы барлық тұжырымдар мен ұсыныстардың жаңалығы, негізділігі барынша байыпты тұрғыдан талдануы керек.

Ресми оппоненттер диссертация қорғауға қатысуға міндетті.

Ерекше жағдай ретінде диссертация бойынша оң пікір білдірген ресми оппоненттердің біреуі ғана дәлелді себептермен кеңес мәжілісіне қатыса алмаған жағдайда, докторлық диссертация қорғауды өткізуге рұхсат етіледі. Мұндайда диссертациялық кеңестің мәжілісінде келе алмаған оппоненттің пікірі толығымен жария етіледі.

Кеңес мәжілісіне оппоненттердің біреуі келмей қалған жағдайда кандидаттық диссертация қорғауды өткізуге тиым салынады.

30. Диссертация қорғау аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес ғылыми дәреже беру туралы мәселе бойынша жасырын дауыс беруді өткізеді.

Есеп комиссиясының хаттамасы мәжіліске қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен жәй көпшілік дауыспен бекітіледі.

Диссертация қорғалатын диссертациялық кеңестің мәжілісін өткізу рәсімі, жасырын дауысқа салу тәртібі және есеп комиссиясының жұмысы " Диссертациялық кеңес туралы ережеде" анықталады.

31. Жасырын дауыс беруден кейін диссертация қорғау бойынша оң шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес ашық дауыс беру арқылы диссертация жайында жасалған қорытындыны қабылдайды.

Диссертациялық кеңес қорытындысында ізденушінің жеке өзінің қолы жеткен ең елеулі ғылыми нәтижелері көрсетіліп, олардың негізділігі мен жаңалығы, теориялық және практикалық мәні, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін пайдалану жайындағы ұсыныстары айқындалуы қажет, сондай-ақ диссертацияның осы Ереженің 10 немесе 11 баптарының қайсысы бойынша бағаланғаны көрсетілуі тиіс.

Қорытындының көшірмесі ізденушіге өзінің өтініші бойынша бір ай мерзімде беріледі.

32. Диссертация қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданған жағдайда, диссертациялық кеңес диссертация қорғалғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қазақстан ЖАК-ына диссертация мен аттестациялық іс құжаттарының бірінші даналарын жібереді. Аттестациялық іс құжаттарының екінші данасы он жыл бойы диссертациялық кеңесте сақталады. Ізденушінің аттестациялық істерін

рәсімдеу Қазақстан ЖАК-ы белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Диссертация қорғау нәтижесінде диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған жағдайда, ізденушіге тиісті құжаттарын қайтару және Қазақстан ЖАК-ына хабарлау тәртібі "Диссертациялық кеңес туралы ережеде" айқындалады.

33. Қорғау нәтижесінде кеңес теріс шешім қабылдаған диссертациялар сол шешім шығарылғаннан соң бір жылдан ерте емес мерзімде өңделген күйде қайта қорғауға ұсынылуы мүмкін. Теріс шешімді Қазақстан ЖАК-ы шығарған жағдайда да нақ осындай шартпен диссертацияны қайта қорғауға ұсынуға болады. Қайта қорғауға Қазақстан ЖАК-ының рұхсаты қажет емес. Қайта қорғау кезінде ресми оппоненттер құрамы мен жетекші ұйым толығымен ауыстырылуға тиіс.

34. Ғылыми дәреже берілген ізденушілердің диссертациялары мен авторефераттарының бір данасы белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында тұрақты сақтау үшін Қазақстан ЖАК-ына беріледі.

**6. Диссертациялардың Қазақстан ЖАК-ында қаралуы**

35. Диссертациялардың ғылыми біліктілік деңгейінің осы Ережелер талаптарына сәйкестігі Қазақстан ЖАК-ында сараптау кеңестері (сарапшылар) арқылы қаралады.

Егер осы Ереженің 31-бабына сәйкес алынған диссертациялық кеңестің қорытындысы жеткілікті дәлелденбеген болса, сараптау кеңесінің (сарапшының) қорытындысы негізінде Қазақстан ЖАК-ы оны жетілдіру үшін диссертациялық кеңеске қайта қайыруы мүмкін.

Бұл жағдайда яғни диссертациялық кеңес мәжілісінде диссертацияны қайта қарағанда ізденушінің қатысуы міндетті емес.

Егер сараптау кеңесі (сарапшы) диссертация қорғалу кезінде кеңесте диссертацияны сараптау сапасыз жүргізілгенін анықтаса, Қазақстан ЖАК-ы диссертацияны аттестациялық ісімен бірге осы Ереже талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) жасау үшін басқа диссертациялық кеңеске жібере алады.

Диссертациялық кеңестің қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) беруге жіберілген диссертацияны қарау кезіндегі мәжілісін өткізудің рәсімі "Диссертациялық кеңес туралы ережеде" белгіленеді.

Қажетті жағдайларда Қазақстан ЖАК-ы сараптау кеңесінің мәжілісіне ізденушілерді, диссертация қорғау өткізілген немесе қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) жүргізілген диссертациялық кеңестердің басшыларын, ресми оппоненттерді, ғылыми жетекшілерді не ғылыми кеңесшілерді, сондай-ақ жетекші ұйымының өкілдерін шақыра алады, сонымен қатар өз өкілдерін

диссертациялық кеңес мәжілісіне жібере алады.

Ізденушінің Қазақстан ЖАК-ы төралқасының ол туралы шешімі қабылданғаннан кейін екі ай мерзім ішінде өзінің аттестациялық ісімен және сараптау кеңесі (сарапшы) қорытындысымен танысуға құқығы бар.

36. Қазақстан ЖАК-ында ғылым докторы ғылыми дәрежесін ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық істерін қарау мерзімі сегіз айдан, ал ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық істерін қарау мерзімі төрт айдан аспауға тиіс.

Диссертацияларды сараптау ұзақ уақытты қажет ететін ерекше жағдайларда сараптаудың мерзімін ұзарту мәселесін әр бір нақты іске байланысты Қазақстан ЖАК-ның төралқасы шешеді.

37. Ізденушінің аттестациялық іс құжаттарына түзетулер енгізу тек Қазақстан ЖАК-ының рұхсатымен жүзеге асады.

38. Ізденуші диссертацияны оның қаралуының кез-келген кезеңінде: диссертациялық кеңесте жасырын дауыс беру басталғанға дейін, ал Қазақстан ЖАК-ында ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы диссертациялық кеңес шешімін бекіту жөнінде шешім қабылданғанға дейін қараудан алуға құқылы, бірақ диссертациялық кеңес немесе Қазақстан ЖАК-ы ізденушінің диссертацияда авторға, сондай-ақ ақпарат көзіне сілтемесіз бөтен еңбек пайдаланғанын анықтаған жағдайда, оны бұл құқықтан айырады.

Ізденушінің жазбаша өтініші бойынша диссертациялық кеңестің немесе Қазақстан ЖАК-ының диссертацияны қараудан алып тастау туралы шешімі түпкілікті болып табылады. Диссертация диссертациялық кеңесте немесе Қазақстан ЖАК-ында қаралудан алынғаннан кейін ол қорғауға жаңа жұмыс ретінде тиісті өңдеуден өткеннен кейін ғана ұсынила алынады.

39. Диссертация қорғаудың тәртібі бұзылған жағдайда (оппоненттердің біреуі жоқ болғанда, оппоненттер мен жетекші ұйым дұрыс таңдалмағанда, стенограмма талқылаудың шынайы жүрісіне сәйкес келмегенде және т.б.) Қазақстан ЖАК-ы диссертацияны қайта қорғауға жіберуге құқығы бар. Қайта қорғау Қазақстан ЖАК-ы шешім қабылдағаннан кейін 3 айдан бұрын емес мерзімде өтуі мүмкін, ондайда қайта қорғауға соқтырған тәртіп бұзу фактісі түзетілуі тиіс.

40. Ғылыми дәреже беру жөніндегі құжаттар Қазақстан ЖАК-ы белгілеген тізбеге сай мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жіберіледі.

**7. Ғылыми кадрларды қайта аттестаттау**

41. Қазақстан Республикасы ғылыми дәрежелер бойынша мемлекеттік үлгідегі біліктілік құжаттарды өзара тану туралы келісімдер жасасқан мемлекеттерде мемлекеттік аттестациялау органы берген ғылым докторы немесе

ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қайтадан аттестаттау жоғарыдағы келісімдерге сәйкес ізденуші істейтін ұйымның немесе өзінің жеке өтінішімен белгіленген тізбе бойынша құжаттарын ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы және өзге мемлекеттердің азаматтарына ғылыми дәреже беру мәселесі осы Ереженің талаптарына сай шешіледі.

42. Қайта аттестаттауға мемлекеттік емес ұйымдардың (шағын кәсіпорындар, қоғамдық академиялар, академияаралық комиссиялар және т.б.) берген ғылым докторы мен ғылым кандидаттарының дипломдары қабылданбайды.

43. Қазақстан Республикасы біліктілік құжаттарды өзара тану туралы келісім жасаспаған елдер берген Қазақстан Республикасы, сондай-ақ басқа ел азаматтарының дипломдарының сәйкестігі туралы мәселе Қазақстан ЖАК-ында халықаралық конвенцияға сай жеке жағдайда шешіледі, ол туралы ізденушіге тиісті анықтама беріледі.

**8. Дипломдарды рәсімдеу және табыстау**

44. Ізденушіге ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы шешім диссертациялық кеңес шешім шығарған мезгілден бастап, Қазақстан ЖАК-ы оны бекіткеннен кейін күшіне енеді. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру туралы шешім оны Қазақстан ЖАК-ы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

45. Ғылым докторы немесе ғылым кандидаты дипломын жоғалтқан адамдарға жаңа рет нөмірлері бар дубликаттар берілуі мүмкін.

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, дипломдар жаңасына ауыстырылмайды.

Ғылым докторының дипломын Қазақстан ЖАК-ы береді, ғылым кандидатының дипломын Қазақстан ЖАК-ы толтырады да; тиісті диссертациялық кеңестің басшылығы қол қойып, Қазақстан ЖАК-ының герблі мөрімен расталады.

46. Дипломның дубликаттарын рәсімдеу мен табыстау тәртібін өз құзыретіне сәйкес Қазақстан ЖАК-ы белгілейді.

**9. Ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру)**

47. Ғылыми дәрежелер жаңсақтықпен берілген адамдарды, әдеттегідей, диссертациялар қорғалған диссертациялық кеңестердің өтініштерінің негізінде Қазақстан ЖАК-ы өз құзыретіне сәйкес бұл дәрежелерден айыруы мүмкін.

Ғылыми дәрежелерінен айрылған адамдардың бұрынғы дәрежелерін Қазақстан ЖАК-ы өз құзыретіне сәйкес, әдетте, бұрын осы ғылыми дәрежеден айыру туралы өз кезінде өтініш жасаған диссертациялық кеңестің өтініші негізінде, егер бұл үшін жеткілікті негіздер болған жағдайда, қалпына келтіруі

мүмкін.

Айрықша жағдайларды ескеру талап етілетін, соның ішінде аталған кеңестер қызметін доғарған ретте, ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) туралы мәселе, әдетте, Қазақстан ЖАК-ының тапсыруымен басқа кеңестерде қаралады.

Кеңестің мәжілісі, егер оның жұмысына кеңес құрамының үштен екісі қатысқан жағдайда, құқықты болып саналады. Ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) туралы кеңестің шешімі, егер жасырын дауыс берудің нәтижесінде мәжіліске қатысқан кеңес мүшелерінің ең кемі үштен екісі, бірақ кеңестің тізімдегі құрамының жартысынан көбі жақтап шықса, қабылданған болып саналады.

Диссертациялық кеңес және Қазақстан ЖАК-ы он жылдан астам уақыт бұрын шешім қабылданылған ғылыми дәрежелерді берудің (одан айырудың) негізділігі туралы мәселелерді қарамайды.

48. Қазақстан ЖАК-ының құзыретіне кіретін ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру) туралы материалдарды оның төралқасы қарайды.

Ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру) туралы мәселелерді қарау рәсімін өз құзыретіне сәйкес Қазақстан ЖАК-ы белгілейді.

**10. Апелляцияларды қарау**

49. Диссертациялық кеңестердің ғылыми дәрежелер беру (айыру) мәселелері жөніндегі шешімдеріне ұйымдар, ізденушілер және басқа тұлғалар диссертация қорғалған диссертациялық кеңеске және Қазақстан ЖАК-ы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей апелляция (шешімдерге шағым) бере алады.

Диссертациялық кеңес апелляцияны екі ай мерзім ішінде қарауға тиіс.

Диссертациялық кеңестің қорытындысы мен апелляцияны қарау жөніндегі басқа да материалдар диссертациялық кеңестің мәжілісінен кейін 10 күн мерзімде Қазақстан ЖАК-ына жіберіледі.

50. Диссертациялық кеңестердің ғылыми дәрежелер беру (айыру) мәселелері жөніндегі шешімдеріне берілген апелляциялар бойынша шешімді диссертациялық кеңестердің апелляцияларды қараған материалдары мен сараптау кеңестерін қорытындыларын ескере отырып, Қазақстан ЖАК-ының төралқасы қабылдайды.

51. Қазақстан ЖАК-ы төралқасының ғылыми дәрежелер беру (айыру), сондай-ақ ғылыми қызметкерлерді қайта аттестаттау жөніндегі шешімдеріне төралқа шешім шығарған күннен екі айдан кешіктірмей Қазақстан ЖАК-ына апелляция беруге болады.

Апелляцияны Қазақстан ЖАК-ы құрған аппелляциялық комиссия қарайды. Апелляциялық комиссияның қорытындысы Қазақстан ЖАК-ы төралқасының бекітуіне беріледі және оның шешіміне қайталап берілген апелляция

қабылданбайды.

52. Апелляцияларды қарау рәсімін өзінің құзыретіне сәйкес Қазақстан ЖАК-ы белгілейді.

53. Осы Ережеде көзделмеген ерекше жағдайларды ескеруді қажет ететін мәселелерді Қазақстан ЖАК-ының төралқасы шешеді.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
1999 ж. 6.08. N 312
бұйрығымен бекітілген

## Ғылыми атақтар беру Ережелері

### 1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер терең кәсіби білімі бар, ғылыми және ғылыми-педагогтық қызметте жетістіктерге қол жеткізген адамдарға профессор және доцент ғылыми атақтарын беру тәртібін белгілейді. Ғылыми атақтарды ізденушілерге қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Жоғары аттестациялық комиссиясы ( Қазақстан ЖАК-ы) анықтайды.

2. Профессор және доцент ғылыми атақтарын жоғары оқу орындарының, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдардың қызметкерлеріне ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестердің ұсынысы бойынша Қазақстан ЖАК-ы береді.

3. Профессорлар мен доценттерге Қазақстан Республикасы МАК-ы 1996 ж. 12 мамырдағы N 195-а бекіткен Қазақстан Республикасында ғылыми және ғылыми-педагог қызметкерлерге ғылыми атақтар берілетін мамандықтардың номенклатурасына сәйкес, белгіленген мемлекеттік үлгідегі аттестаттар тапсырылады.

### 2. Ғылыми атақтар беру

4. Профессор ғылыми атағы:

1) жоғары оқу орнындағы ғылыми-педагогтық стажы он жылдан кем емес;

2) диссертация қорғағаннан кейін Қазақстан ЖАК-ы ұсынған басылымдарда жарияланған кем дегенде 3 ғылыми еңбегі бар;

3) Жеке өзі жазып жариялаған, білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, жалпы жиынтығы 5 баспа табақтан кем емес немесе басқа авторлармен бірлесіп жазған, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі 5 баспа табақтан кем емес, жарияланған оқу құралы* немесе Қазақстан ЖАК-ы берген ғылыми дәрежесі және жеке өзі даярлаған 2 шәкірті бар, жоғары оқу орындарында профессор, кафедра меңгерушісі қызметін атқарып жүрген (конкурс арқылы сайланған), осы қызметтерде бір оқу жылы бойына нәтижелі жұмыс істеген доцент ғылыми атағы , мемлекеттік үлгідегі дипломы бар ғылым докторларына беріледі. ____________

_ _ _ _ _ _ _ _

* Оқу құралы болып саналатындар - жаттығулар мен есептер жинағы, лабораториялық іс-тәжірибелер, есептесу мысалдары, карталар мен сызбалар альбомы, конструкциялар атласы, курс бағдарламасының маңызды бөлімдері бойынша жазылған хрестоматиялар мен кітаптар. Оқу құралында ұйымның ғылыми кеңесінің ұсынысы және басқа ұйымда жұмыс істейтін, ғылым мен техниканың осы саласы бойынша жетекші маманның рецензиялары болуы міндетті.

5. Профессор ғылыми атағы:

1) ғылыми-педагогтық стажы он жылдан кем емес;

2) диссертация қорғаганнан кейін Қазақстан ЖАК-ы ұсынған басылымдарда жарияланған кем дегенде 3 ғылыми еңбегі бар;

3) Қазақстан ЖАК-ы берген ғылыми дәрежесі бар, жеке өзі екі шәкірт даярлаған, ғылыми, ғылыми-зертеу, ғылыми-өндірістік ұйымдарда және жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімдерінде бас, жетекші ғылыми қызметкер немесе ғылыми-зерттеу бөлімдерінің (сектордың, лабораторияның) меңгерушісі (бастығы) болып жұмыс істейтін, ғылыми ұйымдардың ғалым хатшысы, директорының орынбасары, директоры қызметіндегі және осы қызметтерде кем дегенде бір жыл нәтижелі жұмыс істеген ғылым докторларына беріледі.

6. Қарулы күштер, Ішкі істер министрлігі және Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жүйелерінде әскери міндеттерін атқарып жүрген офицерлердің қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, айрықша жағдай ретінде:

1) ғылыми-педагогтық жұмыс стажы жеті жылдан кем емес;

2) жеке өзі жазып жариялаған оқулығы* немесе ғылыми дәрежені Қазақстан ЖАК-ы берген, жеке өзі дайындаған шәкірті бар;

3) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген оперативті-тактикалық (арнайы-тактикалық) құралдар әзірлеген, жоғарыда көрсетілген ведомстволарға бағынышты жоғары оқу орындарының арнаулы кафедраларының бастығы (начальник) қызметінде, сол жоғары оқу орындарының бастығы, оның ғылым және оқу жөніндегі орынбасары ретінде кем дегенде бір оқу жылы нәтижелі еңбек еткен ғылым кандидаты-доценттерге профессор ғылыми атағы берілуі мүмкін.

____________________

* Оқулық - типтік оқу жоспарындағы ғылымның дербес бір, саласының теориялық бөлігіне толық сәйкес келетін, тиісті министрлік және мекеме жариялауға ұсынған негізгі оқу кітабы.

7. Профессор ғылыми атағы:

1) шығармашылық-педагогтық жұмыс стажы он жылдан кем емес;

2) шығармашылық еңбектері бар;

3) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, доцент ғылыми атағы

берілгеннен кейін жеке өзі немесе басқа авторлармен бірлесіп жазған, жалпы жиынтығы 3 баспа табақтан кем емес, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі 3 баспа табақтан кем емес жарияланған оқу құралы бар;

4) профессор ғылыми атағына ұсынылудан 5 жыл бұрын доцент ғылыми атағын алған;

5) халықаралық конкурстың үш лауреатын (дипломантын) дайындаған, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 12 желтоқсанындағы N 2676 Z952676_ жарлығымен белгіленген Қазақстан Республикасының Құрметті атақтарына ие болған, профессордың, кафедра меңгерушісінің қызметін атқарушы (конкурс арқылы сайланған) және осы қызметтерде кем дегенде бір жыл нәтижелі еңбек еткен, жоғары оқу орындарында өз мамандығы бойынша оқытушылық қызмет атқарып жүрген өнер және сәулет саласы қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

8. Профессор ғылыми атағы:

1) "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы бар;

2) жаттықтырушылық-педагогтық жұмыс стажы он жылдан кем емес;

3) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін жеке өзі немесе басқа авторлармен бірлесіп жазған, жалпы жиынтығы 3 баспа табақтан кем емес, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі 3 баспа табақтан кем емес, жарияланған оқу құралы бар;

4) профессор ғылыми атағына ұсынылудан 5 жыл бұрын доцент ғылыми атағын алған;

5) Екі Азия, Еуропа чемпионын, дүниежүзілік және Олимпиада жүлдегерін дайындаған; профессордың, кафедра меңгерушісінің қызметін атқарушы ( конкурс арқылы сайланған) және осы қызметтерде кем дегенде бір жыл нәтижелі еңбек еткен жаттықтырушыларға берілуі мүмкін.

9. Доцент ғылыми атағы:

1) ғылыми-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

2) диссертация қорғағаннан кейін, кем дегенде 2 ғылыми еңбегі (тезис емес) жарияланған (сақтауға бергені есептелінбейді);

3) білім беру процесінде қолданылып жүрген, көлемі 2 баспа табақтан кем емес, жеке өзі жазып жарияланған оқу құралы немесе жеке өзі дайындаған, ғылыми дәрежені Қазақстан ЖАК-ы берген бір шәкірті бар, профессор, доцент, жоғары оқу орындарының кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарып жүрген ( конкурспен сайланған), осы қызметтерде кем дегенде бір оқу жылы нәтижелі жұмыс істеген ғылым докторларына және кандидаттарына беріледі.

10. Доцент ғылыми атағы:

1) ғылыми-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

2) диссертация қорғаннан кейін кем дегенде екі ғылыми жұмысы жарияланған;

3) білім беру процесінде қолданылып жүрген, көлемі 3 баспа табақтан кем емес жеке өзі жазған және жарияланған ғылыми еңбегі бар немесе ғылыми дәрежені Қазақстан ЖАК-ы берген бір шәкірті бар, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдардың және жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімдерінде бас, жетекші, аға ғылыми қызметкерлер, ғылыми зерттеу бөлімдерінің (секторлардың, лабораториялардың) меңгерушілері (бастықтары), жоғарыда аталған ұйымдардың ғалым хатшысы, директордың орынбасары, директоры болып кем дегенде бір оқу жылы нәтижелі жұмыс істеген ғылым докторлары мен кандидаттарына беріледі.

11. Сонымен қатар доцент ғылыми атағы:

1) шығармашылық-педагогтық жұмыс стажы бес жылдан кем емес;

2) шығармашылық еңбектері бар,

3) халықаралық және республикалық конкурстардың екі лауреатын ( дипломантын) даярлаған;

4) жеке өзі жазған және жарияланған, білім беру процесінде қолданылып жүрген, көлемі 2 баспа табақтан кем емес оқу құралы бар, аға мұғалім, доцент қызметтерін атқарып жүрген (конкурс арқылы сайланған), бұл қызметтерде кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі жұмыс істеген, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 12 желтоқсанындағы N 2676 (Y бөлімі) жарлығымен белгіленген Қазақстан Республикасы Құрметті атақтарына ие болған өнер және сәулет салаларындағы қызметкерлерге және;

5) "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы бар;

6) өз мамандығы бойынша жаттықтырушылық және ғылыми-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

7) жеке өзі жазған, педагогикалық тәжірибеде пайдаланылып жүрген, көлемі 2 баспа табақтан кем емес жарияланған оқу құралы бар;

8) дүниежүзілік универсиадалардың, Азия, Еуропа, дүниежүзі чемпионаттарының, Азия және Олимпиада ойындарының екі жүлдегерін дайындаған жаттықтырушыларға берілуі мүмкін.

12. Осы Ереженің 4, 5, 9, 10-тармақтарында көрсетілген қызметтерді қосымша жұмыс түрінде атқарып жүргендерге (жылдық оқу жүктемесі 240 сағаттан кем емес) Ереженің 4, 5, 7-11-тармақтарында қойылған талаптары орындалған жағдайда, ғылыми атақтар берілуі мүмкін.

13. Ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің ғылыми атақтар беру туралы шешімі жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

Кеңестің мәжілісі, егер оның жұмысына кеңес құрамының ең кем дегенде

үштен екісі қатысса, құқықты болып саналады.

Кеңестің ғылыми атақ беру мәселесі туралы оң шешімі мәжіліске қатысып отырған кеңес мүшелерінің ең кемінде үштен екісі (бірақ тізімдегі кеңес құрамының жартысынан кем емесі) қолдап дауыс бергенде қабылданды деп есептеледі.

Оң шешім қабылданған жағдайда ұйымның ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңесі бір ай мерзім ішінде Қазақстан ЖАК-ына ғылыми атақ ізденушінің аттестациялық ісі құжаттарының бірінші данасын жібереді.

14. Ғылыми атақ беру жөніндегі аттестациялық істің рәсімделу тәртібін Қазақстан ЖАК-ы белгілейді.

Ғылыми атақ беру үшін ЖАК-қа жіберілетін аттестациялық іске кіретін құжаттардың тізімі 1-ші қосымшада келтірілген.

15. Ғылыми атақ беру туралы аттестациялық істің қаралу мерзімі аттестациялық істің Қазақстан ЖАК-ында ресми түрде тіркелген күнінен бастап профессор үшін - 6 ай, доцент үшін - 3 ай.

## 3. Ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды қайта аттестаттау

16. Ғылыми атақтардың мемлекеттік үлгідегі біліктілікті айқындайтын құжаттарын өзара тану туралы Қазақстан Республикасы келісімдер жасасқан мемлекеттерде мемлекеттік органдар арқылы берілген ғылыми атақтары бар Қазақстан Республикасы азаматтарын қайта аттестаттау ізденуші істейтін ұйымның немесе өзінің өтінішімен, белгіленген тізбе бойынша құжаттарын тапсырған жағдайда жүргізіледі.

Басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы және басқа мемлекеттер азаматтарына ғылыми атақтар беру мәселесі осы тәртіптің талаптарына сай шешіледі.

17. Қайта аттестаттауға әр түрлі мемлекеттік емес ұйымдардың (шағын кәсіпорындардың, қоғамдық академиялардың, академияаралық комиссиялардың, т.б.) берген профессорлар мен доценттердің аттестаттары алынбайды.

18. Біліктілікті айқындайтын құжаттарды өзара тану туралы келісім жасалмаған елдердегі сол ел берген ғылыми атақтары бар Қазақстан азаматтарының, сондай-ақ, өзге ел азаматтары аттестаттарының сәйкестігі туралы мәселе халықаралық конвенцияға сай Қазақстан ЖАК-ында әр жағдайда жеке шешіледі (бұл туралы ізденушіге тиісті анықтама беріледі).

## 4. Ғылыми атақтардан айыру (қалпына келтіру)

19. Ғылыми атақтар жаңсақтықпен берілген адамдарды атақтар беру туралы шешім қабылдаған ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің өтініші негізінде Қазақстан ЖАК-ы өз құзыретіне сәйкес бұл атақтардан айыруы мүмкін.

20. Ғылыми атақтардан айрылған адамдардың осы атақтарын Қазақстан ЖАК-ы өз құзыретіне сәйкес, бұрын осы ғылыми, атақтардан айыру туралы өтініш жасаған ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестердің өтініштерінің негізінде, егер бұл үшін жеткілікті негіздер болған жағдайда, қалпына келтіруі мүмкін.

21. Ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің отырысы, егер оның жұмысына тізімдегі құрамның кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, құқылы болып саналады. Ғылыми атақтан айыру (қалпына келтіру) туралы кеңестің шешімі, егер дауыс берудің нәтижесінде кеңеске қатысушылардың кем дегенде үштен екісі оны жақтап дауыс берсе, қабылданған болып саналады, бірақ жақтап дауыс берушілердің саны кеңес құрамының тізімдегі мүшелерінің жартысынан кем болмауы тиіс.

Ерекше жағдайды ескеру қажет болған кезде, оның ішінде аталған кеңестердің өз қызметтерін тоқтатқан жағдайында, ғылыми атақтан айыру ( қалпына келтіру) жөніндегі өтініш туралы мәселе, әдетте, Қазақстан ЖАК-ының тапсыруы бойынша басқа кеңестерде қаралады.

**5. Апелляцияларды қарау**

22. Ғылыми атақтарды беру (айыру) мәселесі туралы төралқаның қаулысы бойынша шешімдер шығарылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей Қазақстан ЖАК-ына апелляция (шағым) беруге болады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Қазақстан ЖАК-ы апелляция (шағым) қабылдамайды.

Төралқаның шешімдеріне берілген шағымдарды Қазақстан ЖАК-ының апелляция комиссиясы қарайды. Апелляция комиссиясының қортындыларын төралқа қарап бекітеді. Егер оның шешімдеріне қайтадан апелляция (шағым) берілсе, ол қабылданбайды.

23. Ғылыми атақ бермеу туралы шешім қабылданған жағдайда ізденушілер Қазақстан ЖАК-ы сол шешімді қабылдаған күнінен бастап бір жыл өткеннен кейін ғана аттестациялық істерін қарауға қайталап өтініш беруі мүмкін. Қайталап өтініш беру үшін жаңа материалдардың болуы міндетті шарт болып табылады.

Ғылыми атақтар беру ережелеріне 1 қосымша

**Ғылыми атақ беру туралы Қазақстан ЖАК-ына жіберілетін аттестациялық істегі құжаттардың Тізімі**

1. Ұйым басшысының қолы қойылып, мөрі басылған жолдама хат (1 дана).

2. Анықтама (1а немесе 1б нысандары бойынша, 1 дана).

3. Қызмет орнында расталған, суреті жапсырылған кадрларды есепке алудың жеке парағы (1 дана).

4. Қызмет орнында расталған, ізденушінің ғылыми (шығармашылық, жаттықтырушылық) және оқытушылық жұмысы туралы еңбек кітапшасынан көшірме (1 дана).

5. Тиісті ғылыми дәрежесі бар екендігін куәландыратын дипломның нотариалды немесе қызмет орнында расталған көшірмесі (1 дана).

6. Бет сайын ізденушінің қолы қойылған, қызмет орнында расталған еңбектерінің тізімі.

7. Ізденушінің ғылыми (шығармашылық, жаттықтырушылық) және педагогтық қызметі көрсетілген ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңес мәжілісінің хаттамасынан көшірме (1 дана).

8. Ғылыми атақ алуға талаптанушының ғылыми жетекшісі (немесе кеңесшісі) болған диссертациялардың авторефераттары немесе шәкірттер дайындағаны туралы ресми құжаттар.

9. Жарияланған ғылыми (шығармашылық) және оқу-әдістемелік еңбектерінің ішіндегі ең маңызды деген 2-3-еуінің түпнұсқасы немесе бедерлемесі.

10. "Диссертациялық кеңес туралы ереженің" 16-қосымшасы бойынша тіркеу-есеп карточкасы (2 дана).

11. "Диссертациялық кеңес туралы ереженің" 18-қосымшасы бойынша аттестациялық істегі құжаттар тізімі (1 дана).

Ғылыми атақтарға ұсынылғандардың барлық құжаттары Қазақстан ЖАК-ына бір мұқабаға тігіліп жіберіледі.

Мұқабаның ішкі бетіне жапсырылған конвертке ізденушінің (2 карточкада) және диссертациялық кеңестің (2 карточкада) мекен-жайлары көрсетілген маркалы төрт пошта карточкасы салынады.

Кеңестің мекен-жайы көрсетілген карточканың сыртқы бетіне ізденушінің аты, әкесінің аты, тегі және ол талаптанған ғылыми атақ жазылады.

1а нысаны

_____________________________ ___________________________________

Тегі, аты, әкесінің аты мамандық шифрі мен атауы

мамандығы бойынша профессор ғылыми атағын беру туралы

Анықтама

N _____________ іс

_______ ж. _______ _____________ ______________________________________

ұйымның аты, қала

кеңесі белгіленген тәртіппен _____________ конкурс арқылы сайланған

күні, айы

және (немесе)__________ бастап ________ ___________________қызметіне

күні, айы ұйымның аты, қала

бұйрықпен тағайындалған.
19___ ж.________ __________ профессор ғылыми атағына ұсынылғанда құрамында адам бар кеңес мүшелерінің жақтап дауыс бергендері _______________, қарсы болғандары ___________________ , жарамсыз бюллетеньдер _______________________________________________________
(___________N _________________ мәжіліс хаттамасы)
______________________ 19___ ж. туған, _____________________________
тегі, а., ә.а. азаматтығы
19__ жылдан ________________ ғылым докторы (кандидаты).
ғылым саласы
19__ жылдан доцент, ______________________________________________.

Қазақстан Республикасының құрмет белгілерінің иегер
Ғылыми дәреже диссертациялық кеңесте қорғаудың нәтижесінде берілді ______________________________________________________________________

ұйымның толық аты, қала
ғылыми-(шығармашылық немесе жаттықтырушылық) педагогтық жұмыс стажы _____ жыл.
_________ ғылыми шығармашылық еңбектері жарияланды, оның ішінде ______ докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін басылған Қазақстан ЖАК-ы ұсынған басылымдарда жарияланғандары________; _______________
саны саны (көлемі)
оқу-әдістемелік еңбектері жарияланды, ___________ шәкірт дайындаған.
саны

Кеңес төрағасы_______________ Тегі, аты, әкесінің аты
қолы
Кеңестің ғалым хатшысы ____________ Тегі, аты, әкесінің аты
қолы

Мөр
Күні

Е с к е р т п е :

1. Шәкірттер қатарына ізденуші ғылыми жетекші (кеңесші) болған мемлекеттік үлгідегі дипломы бар ғылым кандидаттарын (докторларын), конкурстардың лауреаттарын, осы Ережеде саналған чемпиондар мен біріншіліктің жүлдегерлерін қосуға болады.

2. Анықтамада таралымы шектелген мәліметтер болмауы керек.

3. Анықтама 1,5 арақашықтықта басылуы қажет; сызықтар мен жол асты түсініктемелер басылмайды.

1б нысаны

_______________________________ ____________________________________

Тегі, аты, әкесінің аты мамандық шифрі мен атауы

мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын беру туралы

А н ы қ т а м а

N ______________ іс

______________________________________ кеңесі белгіленген тәртіппен

ұ й ы м н ы ң а т ы , қ а л а

_____________ конкурс арқылы сайланған және (немесе)________ бастап

к ү н і , а й ы

__________________қызметіне

ұйымның аты, қала

бұйрықпен тағайындалған.

19___ ж.________ __________ доцент ғылыми атағына ұсынылғанда құрамында____________ адам бар кеңес мүшелерінің _________ мәжіліске қатысқан, олардың ішінде жақтап дауыс бергендері _______________, қарсы болғандары ___________________ , жарамсыз бюллетеньдер саны

______________________________________________________________

тегі, а., ә.а.

19____ж. туған, ______________________________

азаматтығы

19__ жылдан _______________ ғылымдарының кандидаты (докторы)

ғылым саласы

______________________________________________

Қазақстан Республикасының құрмет белгілерінің иегері

Ғылыми (шығармашылық немесе жаттықтырушылық) педагогтық стажы _____ жыл _________ ғылыми (шығармашылық) еңбегі бар, оның ішінде _______ кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін басылған _______________ оқу құралы, дайындаған ______________

саны, көлемі

шәкірті бар.

Кеңес төрағасы______________ Тегі, аты, әкесінің аты

қолы

Кеңестің ғалым хатшысы ____________ Тегі, аты, әкесінің аты

қолы

Мөр

Күні

Е с к е р т п е :

1. Шәкірттер қатарына ізденуші ғылыми жетекші (кеңесші) болған ғылым кандидаттарын, конкурстардың лауреаттарын, осы Ережеде саналған чемпиондар

мен біріншіліктің жүлдегерлерін жатқызу қажет.

2. Анықтамада таралымы шектелген мәліметтер болмау керек.

3. Анықтама 1,5 арақашықтықта басылған болуы қажет (сызықтар мен жол асты түсініктемелер басылмайды).

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
1999 ж.6.08. N 312
бұйрығымен бекітілген

**Диссертациялық кеңес туралы Ереже**

**1. Диссертациялық кеңестерді құру және оның жұмысын ұйымдастыру**

1. Диссертациялық кеңестер (бұдан әрі - кеңестер) жоғары білікті ғылыми, ғылыми-педагог кадрларды аттестаттау жүйесінің негізгі буыны болып табылады . Оларды Қазақстан ЖАК-ы негізгі қызметкерлері өз ғылымы саласында жетекші ғалымдар болып табылатын, арнайы ғылыми басылымдарда белсенді еңбек жариялап жүрген, сұрап отырған мамандығы бойынша докторантурасы ( аспирантурасы), кафедрасы (бөлімі, лабораториясы) бар, ғылыми семинар жұмыс істейтін ұйымдарда* олардың өтініштері негізінде құрады.

Өтініш хатқа осы ұйымда диссертациялық кеңес құрудың қажеттілігі және оның мақсатқа сәйкес жұмыс істеуінің тиімділігі негізделіп, сондай-ақ кеңес жұмысына тиісті жағдай жасауға, диссертациялардың қаралуы мен қорғалуына қажетті қаражаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік берілуі керек. Өтініш-хатқа диссертациялық кеңестің мүшелері туралы мәліметтер (1-қосымша) және бұйрықтың жобасы (2-қосымша) қоса тігіледі.

______________________

* Бұл жерде бұдан әрі ұйым дегенде жоғары оқу орындарын, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдары деп түсіну керек.

2. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғайтын кеңестің құрамына арнайы ғылыми басылымдарда еңбек жариялап жүрген ғылым докторлары енгізіледі. Ерекше жағдайларда ғалым хатшы ғылым кандидаты болуы мүмкін. Бірақ ол ғылым докторы дәрежесін алу үшін қорғалған диссертациялардың дауыс беруіне қатыспайды. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғалатын кеңестердің ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғатуды өткізугеде құқығы бар. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғалатын диссертациялық кеңестің құрамына арнайы ғылыми басылымдарда белсенді еңбек жариялап жүрген ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары кіреді.

Мұндай жағдайда ғылым докторларының жалпы саны кеңес мүшелерінің жартысынан кем болмауға тиісті.

3. Қазақстан ЖАК-ы кеңеске ғылымның тиісті саласынан жалпы жиынтығы үштен артық емес, әдетте, екі мамандық бойынша диссертация қорғатуға рұхсат бере алады.

4. Қазақстан ЖАК-ы бекіткен диссертациялық кеңестің құрамы мынандай талаптарға сай болуы қажет:

1) диссертация қорғайтын кеңестің құрамында сол ұйымда істейтін ең кемі екі штатты қызметкердің - әр сала бойынша әр мамандықтан автореферат бойынша екі ғылым докторының болуы шарт;

2) ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғалатын кеңестің құрамында әр ғылым саласынан кеңестің мамандығы бойынша саны бестен кем емес ғылым докторы, оның ішінде үштен кем емесі автореферат бойынша, қалғандары еңбегі бойынша маман* болуы керек; ___________________

_ _

* Ғалымдарды еңбегі бойынша кеңес құрамына енгізуде негіз болатын олардың кандидаттық диссертацияларының мамандық шифріне сай келуі немесе докторлық диссертациялардың нәтижелерін жариялауға ұсынылған (1998 ж. N 3 Бюллетенді қара) басылымдар тізіміне кіретін арнайы басылымдарда жарияланған көлемі 5 баспа табақтан кем емес ғылыми еңбектері болып табылады.

3) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғалатын кеңестің құрамында әрбір ғылым саласының әр мамандығы бойынша бестен кем емес маман, оның ішінде үштен кем емес ғылым докторы, оның ең кемі екеуі автореферат бойынша болуы қажет;

4) кеңестің құрамында бір шифрдағы әрбір мамандық бойынша үштен артық емес, бірақ өзге ғылым саласы немесе басқа шифрдан бір ғылым саласынан бір топтағы мамандықтар бойынша жапсарлас мамандықтардан ғалымдар болуы мүмкін;

5) кеңес құрамында Қазақстан ЖАК-ы қызметкерлерінің және төралқа мен сараптау кеңесі мүшелерінің саны (жалпы алғанда) үштен аспауға тиіс, мұндайда олар кеңестің төрағасы немесе төрағаның орынбасарына тағайындала алмайды;

6) маманды кеңес құрамына енгізу үшін оның жазбаша келісімі қажет, мұндайда әрбір маман екі кеңестің құрамында ғана бола алады;

7) кеңес құрамына диссертация қорғауға құқық берілген әрбір ғылым саласынан, әрбір мамандық бойынша басқа ұйымдардан кеңес құрамының үштен бірінен аспайтын мөлшерде мамандар енгізілуі мүмкін;

8) төралқа мен сараптау кеңес мүшелері тек бір ғана диссертациялық кеңестің құрамына кіре алады;

9) кеңес мүшелерінің саны он екі адамнан кем, жиырма төрт адамнан артық болмауға тиіс.

5. Диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде белсенді ғылыми жұмыс атқарушы, кеңестің мамандығы бойынша (автореферат бойынша) маман - ғылым докторы, кеңес құрылып отырған ұйымның штаттық қызметкері тағайындалады. Кеңестің хатшысы болып кеңес құрылып отырған ұйымның штатты қызметкері, кеңес профилі бойынша маман (автореферат бойынша) тағайындалады. Диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде өзге диссертациялық кеңестің төрағасы немесе орынбасары тағайындала алмайды.

6. Кейбір жағдайда ғылым мен техника дамуының басым бағыттары бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау мен аттестаттау мақсатында бір ұйымның негізінде біріккен кеңестер құрылуы мүмкін.

1) Біріккен диссертациялық кеңестер қаланың, аймақтың сұраныс туғызып отырған мамандықтар бойынша белсенді ғылыми зерттеу жүргізіліп жатқан бірнеше ұйымдарындағы ғалымдардың қатысуымен құрылады.

2) Біріккен диссертациялық кеңес аймақтағы басқа ұйымдардағы кеңестерде жоқ мамандықтар бойынша құрылады.

3) Кеңес құрушы ұйымдар оның жұмыс істеуі үшін қажет жағдайды және жалпы жауапкершілікті қамтамасыз ететін келісімдерге қол қояды, өздерінің атынан Қазақстан ЖАК-ына өтініш жасайтын негізгі ұйымды көрсетеді.

4) Диссертациялық кеңестің ағымдағы істері үшін жауапкершілікті негізгі ұйымның басшысы мойнына алады және оған диссертациялық кеңестің басшылығы есеп береді. Қазақстан ЖАК-ына жіберілетін аттестациялық істің құжаттарына негізгі ұйымның мөрі басылады.

5) Негізгі ұйымның басшысы кеңес жұмысының үйлестірушісі қызметін атқарады және жылына бір реттен кем емес диссертациялық кеңестің жұмысына қатысатын ұйымдардың басшыларымен кеңес жұмысы туралы мәжіліс өткізеді.

6) Біріккен кеңес құрамында кеңес құрылған негізгі ұйымның штатты қызметкері болып саналатын, әр саланың әр мамандығы бойынша бір немесе одан да көп докторлар (автореферат бойынша) болуға тиіс.

7) Қазақстан ЖАК-ы бекітетін кеңес құрамы осы ереженің 4.2-4-8.5 баптарының 1-бөлімінің талаптарын қанағаттандыратын болуы керек.

8) Біріккен диссертациялық кеңестің төрағасы мен оның орынбасары әр ұйымнан болуы қажет және оның біреуі негізгі ұйымның штатты қызметкері болуға тиіс.

9) Қазақстан ЖАК-ы біріккен диссертациялық кеңеске ғылымның тиісті саласынан бір немесе екі мамандық бойынша диссертация қорғау өткізу құқығын бере алады. Кеңес құрамы 12 ден кем, 16 дан артық болмауы керек.

10) Кеңес құрамына мемлекеттік үлгідегі докторлық дипломы бар, қайта

аттестациядан өтпей-ақ басқа мемлекеттердің жетекші мамандары кіруі мүмкін.

11) Біріккен диссертациялық кеңесті құруға өтініш білдірген ұйым кеңес жұмысына қатысу үшін өзге қаладан шақырылған кеңес мүшелерінің шығарған шығынын өз мойнына алады. Кеңес құрамында басқа мемлекеттердің азаматы болған жағдайда, кеңес мәжілісінде таралымы шектелген мәліметі жоқ диссертациялар қаралады.

12) Басқа қаладан немесе мемлекеттен шақырылған кеңес мүшесі өткен 3 мәжіліске қатыспаса, кеңес құрамынан шығарылады.

7. Мүдделі ұйымдардың өтініш хатына орай Қазақстан ЖАК-ы мамандықтардың тізіміне өзгеріс енгізеді және диссертациялық кеңестердің құрамын өзгертеді. Өтініш хатта ұсынылып отырған өзгерістердің бәрі саналып, олардың қажеттілігі негізделеді. Өтініш хатпен бірге кеңес құрамына жаңадан енгізілуге тиісті мамандар жайындағы мәліметтер (1-қосымша) және белгіленген үлгідегі бұйрық жобасы қоса тапсырылады (3-қосымша).

8. Егер мамандықтар түйісінде даярланған диссертацияның бір мамандығы бойынша қорғауды өткізуге диссертациялық кеңестің құқығы болса, бір мәрте диссертация қорғауды өткізу үшін Қазақстан ЖАК-ы рұхсатымен тиісті ғылым салалары бойынша кеңесте жоқ мамандықтардың әрқайсысынан қажетті мөлшерде автореферат бойынша ғылым докторларын кеңес құрамына енгізе алады. Кеңес төрағасы бір мәрте қорғау өткізуге рұхсат ету және алдын-ала Қазақстан ЖАК-ына кеңес құрамына қосымша мүшелерді (1-қосымшадағыдай) енгізу қажеттігі туралы өтініш хат жібереді және тиісті рұхсатты алғаннан соң қосымша құрамдағы диссертациялық кеңес мәжілісінде диссертация қабылдауды өткізеді.

Бір мәрте докторлық диссертация қорғау тек докторлық диссертация қабылдау құқығы бар кеңестерде ғана өтуі мүмкін.

9. Диссертациялық кеңес мәжілісі туралы ол жұмыс істейтін ұжым және ғылыми жұртшылық кеңінен құлақтандырылады.

Диссертациялық кеңес өзінің бар қызметін ізденуші дайындаған диссертацияның қорғалуына барынша қолайлы жағдай туғызуға бағыттауы керек . Ізденушіге өз диссертациясының қорғалуына қажетті кеңестегі барлық материалдармен танысуына мүмкіндік беріледі, диссертациясының қорғалуына қатысты мәселелер бойынша кеңес басшылары тарапынан білікті көмек берілуге тиіс.

Кеңестің тиісті ұйымдардан диссертацияның толық, жан-жақты әрі объективті қаралуына және дәлелді шешім шығарылуына қажетті материалдарды сұрауына құқығы бар.

10. Диссертациялық кеңестің бір мәжілісінде бір ғана диссертация қорғалады немесе бір қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) дайындалады.

Бір күн ішінде бір докторлық немесе екі кандидаттық диссертация қорғалуы мүмкін. Кеңестің, әдетте, бір айда бір докторлық, екі кандидаттық диссертация қорғатуға және бір қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) даярлауға ғана құқығы бар.

11. Диссертациялық кеңес диссертациялардың қорғалу кезегін тағайындағанда ізденушілердің диссертациясын қорғауға қабылдау туралы өтінішінің түсу кезегі сақталуы қажет. Кезектен тыс қорғау құқығымен бірінші кезекте ғылым докторы дәрежесін ізденуші, аспирантура мерзімі аяқталудан бұрын өз уақытында диссертациясын қорғауға өткізген аспиранттар, одан соң ұжымдық пікірге жіберген диссертациялар пайдалана алады.

12. Диссертациялық кеңестің басшылары кеңес жұмысы туралы өз ұйымының және Қазақстан ЖАК-ы алдында есеп береді. Диссертациялық кеңес күнтізбелік жыл аяқталған соң бір ай мерзім ішінде Қазақстан ЖАК-ына атқарған жұмысы туралы есебін тапсырады (4-қосымша).

13. Егер кеңес мүшесі есепті жыл ішінде кеңес мәжілістерінің жартысына қатыспаса, Қазақстан ЖАК-ы оны мүшеліктен шығарады.

14. Кеңестің осы Ережені немесе ғылыми дәрежелер беру тәртібін бұзуы Қазақстан ЖАК-ының кеңес басшылығын, кеңес мүшелерін өзгертуіне, кеңес қызметін оның мерзімді өкілеттігінен ерте тоқтата тұруына немесе мүлдем тоқтатуына негіз болып табылады.

## 2. Диссертациянын диссертациялық кеңесте алдын-ала қаралуы

15. Кеңес ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ереженің (бұдан әрі - Ереже ) 12-бабының талаптарына сәйкес рәсімделген, осы Ережедегі 6 және 7-қосымшаларға сай дайындалған диссертацияны белгіленген тізімдегі (5-қосымша ) құжаттар түгел болған жағдайда, алдын-ала қарауға қабылдайды және өз мәжілісінде кеңес мүшелерінен - диссертация саласындағы мамандардан тұратын комиссияға диссертациямен және ғылыми жетекшісінің (кеңесшісінің) пікірімен танысуды тапсырады. Комиссия кеңеске диссертация қорғату құқығы берілген мамандықтар мен ғылым саласына диссертацияның сәйкестігі*, автордың жариялаған еңбектеріндегі (Ереженің 13-бабына сәйкес) диссертация материалдарының баяндалу толықтығы, ғылым мен практика үшін олардың маңыздылығы туралы қорытындының жобасын табыстайды, сондай-ақ қаралатын диссертация бойынша жетекші ұйым, ресми оппоненттер тағайындау туралы ұсыныс жасайды. Оның үстіне комиссия "қызмет бабында пайдалану үшін " және "Құпия" грифтерін қоюдың, ғылыми жетекші тағайындаудың, ғылыми кеңесші тартудың*, диссертацияның мамандықтар түйісінде тапсырылуының негізділігіне көңіл аударулары қажет, бір мәрте қорғау өткізу үшін қосымша мүшелер кіргізу жөнінде ұсыныс береді. ______________________

_ _

* Диссертацияның аты мен мазмұнының мамандықтар мен ғылым саласына сәйкестігі Қазақстан ЖАК-ы бекіткен мамандықтардың қысқаша паспортына негізделе қаралуы қажет.

* Докторлық (кандидаттық) диссертация бойынша екіден артық емес кеңесші (жетекші) тағайындалуы мүмкін. Ғылым кандидатына жеке ғылыми жетекші болу құқығын "Ғылыми жетекшілік құқық туралы" нұсқаулыққа сәйкес ( ЖАК-ның Бюллетені, 1999 ж. N 1) ұйымның ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңесінің өтініші негізінде Қазақстан ЖАК-ы береді.

Мамандықтар түйісінде диссертация қорғауға әр мамандық бойынша тиісті ғылыми үлесі болуы негіз болады.

Докторлық диссертацияны қарау үстінде комиссия ізденушінің кандидаттық диссертациясының материалдары мен қорытындыларын қандай дәрежеде пайдаланғанын анықтауға тиіс.

Ізденушінің кандидаттық диссертацияда қорғауға ұсынған қағидалары мен нәтижелерін докторлық диссертацияда қайтадан қорғауға ұсынуына болмайды.

Егер диссертация кеңес құрылған ұйымда орындалмаған болса, ол диссертацияны осы жұмыстың бағыт-бағдарына сай келетін кафедраның ( бөлімнің, лабораторияның, ғылыми семинардың) қосымша талқылауына жібереді .

Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғауға қабылдау мәселесі туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, аталған комиссия диссертация бойынша кеңес қорытындысының жобасын дайындайды, сонымен бірге көрсетілген топтардан жіктемелік белгілерді іріктейді (14, 15-қосымшаларға берілген ескертпені қара).

Диссертациялардың кеңесте алдын-ала қаралу мерзімі ізденушінің қажетті құжаттарды (5-қосымша) тапсырған күнінен бастап кандидаттық диссертация үшін екі айдан, ал докторлық диссертация үшін үш айдан аспауы қажет.

16. Кеңес комиссия қорытындысының негізінде өзінің мәжілісінде диссертацияны қорғауға қабылдайды, ресми оппоненттер мен жетекші ұйымды тағайындайды, қорғайтын күнін белгілейді, автореферат тарататын қосымша тізімді айқындайды, қолжазба құқығындағы авторефераттың* (7-қосымша) басылуына рұхсат береді. ____________________

* Автореферат "Қазақстан ЖАК-ының нұсқаулығының" талаптарына сәйкес рәсімделуі керек.

Жетекші ұйым ретінде қаралатын диссертация тақырыбы бойынша белсенді ғылыми зерттеу жүргізіп отырған жоғары оқу орны, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйым таңдалады (әдетте, Қазақстан ЖАК-ы ұсынған тізімдегі ұйымдардың ішінен қаралатын диссертациямен бір топқа жататын ғылым саласы мен мамандықтан бір ғылым докторы бар ұйым таңдалады).

Кандидаттық диссертациялар үшін айрықша жағдайларда Қазақстан ЖАК-ының рұхсатымен тиісті ғылым саласы мен мамандықтан ғылым докторы жоқ ұйым белгіленуі мүмкін.

Диссертациялық кеңес мәжілісінің құқықтылығы "Ереженің" 28-бабының талаптарына сәйкес айқындалады. Ашық дауысқа салудың нәтижесінде мәжіліске қатысушылардың жай көпшілігі жақтап дауыс берген жағдайда, кеңестің диссертацияны қорғауға қабылдау туралы шешімі оң шешілген болып саналады.

17. Кеңес мына төмендегі жағдайлардың бірінде диссертацияны қорғауға қабылдамайды:

диссертацияның негізгі мазмұны диссертация қорғауға қабылдау құқығы берілген мамандықтардың және онымен байланысты ғылым саласының біреуіне де сәйкес келмегенде;

диссертацияның негізгі нәтижелерінің жариялануының толықтығы туралы "Ереженің" 13-бабының талаптары орындалмаған жағдайда;

ізденушінің жұмысының ғылым мен практика үшін бағалылығы мен маңыздылығы туралы "Ереженің" 12-бабы орындалмағанда.

Бұл жағдайда ізденушіге "Ереженің" 15-бабында көрсетілген мерзімде диссертацияның қабылданбау себептері көрсетілген кеңес мәжілісінің хаттамасының көшірмесі беріліп, оның кеңеске тапсырған барлық материалдары қайтарылып беріледі.

18. Алда болатын қорғау туралы мекен-жайы, қорғалатын күні және уақыты көрсетілген хабарлама күні бұрын, қорғаудан кемінде бір ай бұрын, Қазақстан ЖАК-ы бекіткен тізім (8-қосымша) және кеңес бекіткен қосымша тізім бойынша авторефераттарды тарату арқылы жүзеге асырылады. Докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдаған кезде қорғаудан 2 айдан кем емес мезгілде кеңес ЖАК-қа ізденушінің аты-жөні, диссертацияның тақырыбы, ғылыми дәреже берілетін ғылым саласы, мамандықтың шифрі, диссертация қорғалатын кеңестің аты мен мекен-жайы, жетекші ұйымның аты, ресми оппоненттердің аты-жөні, қызмет орны көрсетілген хабарландыру жібереді.

Хабарландыру мәтіні ізденушінің жеке ісіне тіркеледі. Хабарландырудың типтік мәтінін және ақша төлеу тәртібін Қазақстан ЖАК-ы белгілейді. Қорғау хабарландыру жарияланғаннан кейін өткізіледі.

19. Жетекші ұйым мен ресми оппоненттер пікірлері кеңеске қорғаудан кемінде 10 күн бұрын берілуі керек.

20. Жетекші ұйым пікіріне диссертация талқылаудан өткен ұйым бөлімшесінің басшысы және қорытындының жобасын даярлаған ғылым докторы - сол бөлімшенің штаттағы қызметкері-қол қояды. Бірақ ол ЖАК төралқасының, сараптау кеңесінің және диссертация қорғалатын кеңестің мүшесі болмауы керек

. Пікірді жетекші ұйым басшысы немесе оның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары бекітеді және ұйымның гербілі мөрімен растайды.

21. Қорғаудың уақыты мен күнін авторефератта көрсетілген уақыттан ертерек мезгілге ауыстыруға болмайды.

22. Егер кеңес мәжілісін дәлелді себептермен тағайындалған күні өткізу мүмкін болмаған жағдайда, кеңес диссертация қорғаудың күнін жаңадан тағайындауға құқылы, бірақ ол туралы Қазақстан ЖАК-ын хабардар етеді.

23. Ресми оппоненттерді дәлелді себептермен ауыстыруды кеңес мәжілісінде қорғаудан екі жұмадан кеш емес уақытта, ол туралы Қазақстан ЖАК-ын хабардар ете отырып, жүргізуге болады.

## 3. Диссертацияның қорғалу кезіндегі диссертациялық кеңестің мәжілісін өткізу

24. Диссертацияның қорғалу кезінде диссертациялық кеңестің мәжілісі кеңес төрағасының, ол болмаған жағдайда, кеңес төрағасы орынбасарының басқаруымен өткізіледі және магнитті таспаға жазылады.

Диссертациялық кеңестің төрағасы (төрағаның орынбасары) диссертация қорғап отырған ізденушінің ғылыми жетекшісі немесе кеңесшісі болған жағдайда , кеңес мәжілісінде төрағалық міндетін атқара алмайды. Егер кеңестің төрағасы және оның орынбасары көрсетілген міндеттерді атқара алмаса, кеңестің бұл мәжілісіне төрағалық етуге кеңестің мүшесі (кеңес қызмет істейтін мекеменің штаттық қызметкері) тағайындалады. Оның тағайындалуы мекеме басшысының бұйрығымен рәсімделеді. Ғалым хатшы болмаған жағдайда, оның міндеттері ұйым басшысының бұйрығымен кеңес мүшелерінің біріне мерзімі көрсетіліп ( бірақ екі айдан аспайтын), уақытша жүктеледі. Төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмай қалған жағдайда, диссертациялық кеңестің мәжілісі өткізілмейді.

25. Диссертациялық кеңес мәжілісінің ашылуы алдында оның мүшелеріне " Ереженің" 31-бабына сай бұрын құрылған комиссия даярлаған қорытындының жобасы таратылып беріледі.

Диссертациялық кеңес мәжілісін ашарда төраға кеңес мүшелерінің келу парағына (9-қосымша) сүйеніп және оппоненттердің қатысуын негізге алып, мәжілістің құқықтығы жайында хабарлама жасайды ("Ереженің" 28-бабы). Кеңес мүшелерінің, ресми оппоненттердің кеңеске қатысуы, олардың мамандығы, ғылым саласы мен ғылыми дәрежесі, мәжілістің стенограммасында көрсетілуі тиіс.

Кеңес мәжілісі ашылғаннан кейін төраға ізденушінің диссертация қорғайтыны туралы хабарлайды, диссертацияның аталымын, ресми оппоненттердің тегі, аты-жөні мен жетекші ұйымды жариялайды және диссертацияның бірінші рет (қайтадан) қорғалып отырғанын хабарлайды. Сонан

соң сөз ғалым хатшыға беріледі, ол ізденуші құжаттарының негізгі мазмұны мен олардың белгіленген талаптарға сәйкестігі жайында қысқаша баяндайды.

26. Ізденуші диссертацияның басты мәні мен негізгі қағидаларын баяндап береді. Сонан соң ізденушіге ауызша немесе жазбаша түрде сұрақтар қойылады. Ізденушінің жауаптарынан кейін сөз ғылыми жетекшіге беріледі. Ол қатыса алмаған жағдайда, оның пікірі* оқылады. Диссертациялық жұмыс орындалған немесе ізденуші тіркелген ұйымның және кеңес жұмыс істейтін ұйымның қорытындысы, жетекші ұйымның пікірі, басқа да кеңеске келіп түскен диссертация мен автореферат туралы пікірлер жарияланады.

Диссертация мен авторефератқа жіберілген оң пікірлер көп болған жағдайда, ғалым хатшы кеңес мүшелерінің келісімімен бұл пікірлерді толық оқудың орнына, оларда көрсетілген ескертпелерді атай отырып, шолу ғана жасайды. Теріс пікірлер толық оқылады. ________________________

* Ғылым докторы ғылыми дәрежесін ізденушінің ғылыми кеңесінің тек пікірі ғана оқылады.

27. Пікірлер оқылып болған соң, ізденушіге пікірлерде көрсетілген ескертпелерге жауап беру үшін сөз беріледі.

28. Бұдан соң ресми оппоненттер өз пікірлерін* оқиды. Ресми оппонент өзі дайындаған пікірінің объективтігі мен сапасы үшін жауап береді. Бұл талап орындалмаған жағдайда, Қазақстан ЖАК-ы ресми оппонентті бұдан былай кадрларды аттестаттауға қатысу құқығынан айыруы мүмкін. Оппоненттердің сөзінен кейін ізденуші жауап қайтару үшін сөз алады. Ізденушінің тілегі бойынша әрбір оппоненттің сөзінен кейін жауап беру үшін оған сөз берілуі мүмкін. Бұдан кейінгі пікірсайысқа қорғауға қатысушылардың бәрінің қатысуға құқығы бар. Пікір сайыс аяқталған соң, ізденушіге қорытынды сөз беріледі. ____

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

* Жетекші ұйымның, ресми оппоненттердің пікірі еркін түрде жазылады, онда тықырыптың көкейтестілігіне, диссертацияда баяндалған ғылыми қағидалардың, қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігіне, олардың жаңалығына баға берілуі тиіс, сондай-ақ диссертацияның осы Ережеге сәйкестігі туралы қорытынды беріледі.

29. Ізденушінің қорытынды сөзінен кейін кеңес "Ереженің" 4-тармағында көрсетілген тәртіп бойынша ғылыми дәрежені беру жөніндегі мәселені жасырын дауысқа салады. Дауыс беру бюллетеньдер арқылы жүргізіледі (10-қосымша). Ғылыми дәреже беру туралы мәселе бойынша кеңестің мәжіліске қатысқан мүшелерінің ең кемі үштен екісі, бірақ кеңестің тізімдік құрамының жартысынан көбі жақтап дауыс бергенде, кеңестің шешімі қабылданған болып есептеледі.

30. Есеп комиссиясының хаттамасы бекітілген соң кеңес қорытындысының жобасы талқыланады. Ғылыми дәреже беру туралы мәселе оң шешілген

жағдайда, қорытындының жобасында ізденушінің өзі қол жеткізген ең маңызды ғылыми нәтижелері, оның дұрыстығы мен жаңалығына берілген баға, теориялық және практикалық маңызы, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін пайдалану жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ диссертацияның ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы "Ереженің" 10-ыншы немесе 11-інші баптарының қайсысының талаптарына сай бағаланғаны көрсетіледі. Ғылыми дәрежелер беру туралы мәселе теріс шешілген жағдайда қорытынды қабылданбайды. Диссертация нәтижелерінің жіктемелік белгілері (14-інші және 15-қосымшалар) көрсетілген қорытындының мәтіні ашық дауысқа салынып, мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің дауыс беруімен қабылданады және бұдан соң ізденушіге жарияланады. Осымен кеңес мәжілісі аяқталды деп есептеледі.

31. Егер диссертацияны диссертациялық кеңес мәжілісінде талқылау кезінде елеулі сыни пікірлер айтылмай, бірақ дауыс беру нәтижесі теріс болып шықса, Қазақстан ЖАК-ы кеңестің одан арғы қызметі туралы мәселе қарауға құқылы.

32. Кеңес диссертацияның қорғалған күнінен бастап бір ай мерзім ішінде Қазақстан ЖАК-ына ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық ісі құжаттарының (11-қосымша) бірінші даналарын, олармен бірге тіркеу-есептік карточкасын және құжаттар тізімін (16-ыншы және 17-қосымшалар) жібереді. Бұл белгіленген тәртіпті орындауға кеңестің ғалым хатшысы тікелей жауапты.

Диссертацияның екінші данасы түптелмеген күйде автореферат және диссертацияның есеп карточкасының екі данасымен бірге бір апта ішінде микрофильмдеуге және мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтына (ҚазмемҒАҒЗИ) жіберіледі. Ғылыми дәреже беру жөніндегі аттестациялық іс құжаттарының екінші данасы (12-қосымша) диссертациялық кеңесте он жыл мерзімге, ал магнитті таспа диссертациялық кеңестің шешімі немесе өтініші ЖАК-та бекітілгенге дейін сақталады.

33. Дауыс беру қорытындысы бойынша кеңестің шешімі теріс болған жағдайда, қорғалған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Қазақстан ЖАК-ына ұйым бланкісіне жазылған, кеңес төрағасының қолы қойылған жолдама хат, оған қоса қабылданбаған диссертацияның есептік карточкалары (17-қосымша, 2 дана), сондай-ақ автореферат пен диссертациялық кеңестің төрағасы мен ғалым хатшысының қолы қойылған стенограмма бірге жіберіледі.

Ізденушіге дипломының көшірмесі, кандидаттық емтихандарды тапсырғандығы туралы куәлігі, кадрларды есепке алу жеке парағы, диссертация орындалған немесе ізденуші тіркелген ұйымның қорытындысы, ғылыми еңбектердің көшірме нұсқалары (оттискілері) және диссертациясы қайтарылып беріледі, ал диссертацияның бір данасы кітапхана қорынан қайтарылып алынып, авторефераттармен бірге диссертациялық кеңеске жіберіледі, онда ол он жыл

мерзімге сақталады.

Диссертацияға, авторефератқа келіп түскен пікірлер, мәжілістің стенограммасы және дауыс беру шешімі кеңесте қалдырылады және олар диссертация қайта қорғалатын жердің сұрауымен жіберілуі мүмкін.

34. Ізденуші өз диссертациясын жасырын дауыс берудің алдында жазбаша түрде берген өтініші бойынша талқылаудан қайтарып алуына құқылы. Ізденуші диссертациясын талқылаудан қайтарып беру жайында диссертациялық кеңеске жазбаша түрде өтініш берген жағдайда, кеңестің төрағасы кеңесте қалдырылатын өтініштен, диссертация мен автореферattың бір даналарынан басқа құжаттарының бәрін ізденушіге қайтарып беруге нұсқау береді.

Диссертацияны қарау кезінде дайындалған құжаттар кеңесте қалдырылады және олар диссертация қайта қорғалатын жердің сұрауымен жіберілуі мүмкін. Егер кеңес ізденушінің біреудің еңбегін оның авторы мен алынған дерегіне сілтеме жасамай пайдаланғанын анықтаса, онда кеңес жасырын дауысқа салып, жай көпшілік дауыспен диссертацияны талқылаудан алып тастау жөнінде шешім қабылдайды. Бұл жағдайда ізденушінің диссертацияны талқылаудан қайтарып алу жөніндегі өтініші қабылданбайды. Қазақстан ЖАК-ына диссертацияның автореферaты мен мәжілістің стенограммасы қосылған кеңестің шешімі жіберіледі.

**4. Жасырын дауысқа салу және есеп комиссиясының қызметі**

35. Есеп комиссиясы (кемінде үш адам) жасырын дауыс беру алдында мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен сайланады.

36. Жасырын дауыс беруге мәжіліске қатысушы кеңес мүшелері ғана қатыса алады, оларға есеп комиссиясы алдын-ала даярланған бюллетеньдерді (10-қосымша) ізденушінің қорытынды сөзінен кейін қолхат арқылы үлестіреді.

Диссертация қорғалуының басталуына кешігіп келген немесе ол аяқталғанша кетіп қалған кеңес мүшелері кворумды белгілегенде есепке алынбайды әрі жасырын дауыс беруге қатыстырылмайды.

Дауыс беруші "Дауыс берудің нәтижесі" графасынан керексіз деп тапқанын сызып тастап, бюллетеньді мөр басылған урнаға (жәшікке) салады.

37. Есеп комиссиясының мүшелері урнаны ашып, бюллетеньдерді санайды және дауыс беру қорытындыларының хаттамасын толтырады (13-қосымша).

Үлестірілмеген бюллетеньдер жасырын дауыс берудің алдында тиісті белгі қойылып, есеп комиссиясында қалдырылады және бұл жөнінде хаттамада көрсетіледі. Дауыс беруге қатысқан кеңес мүшесінің пікірін айқындауға мүмкіндік бермейтін бюллетеньдер жарамсыз деп саналып, бұл да есеп комиссиясының хаттамасында белгіленеді.

Дауыс берудің қорытындылары хаттамада рәсімделгеннен кейін есеп

комиссиясы барлық бюллетеньдерді конвертке салып желімдеп, өз хаттамасына тіркейді.

38. Жасырын дауыс беруге қатысқан кеңес мүшелерінің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен есеп комиссиясының хаттамасы бекітіледі.

Есеп комиссиясының хаттамасы бекітілмеген жағдайда, диссертацияны талқылау жалғастырылады немесе келесі күнге қалдырылады. Есеп комиссиясы жаңа бюллетеньдер даярлайды және кеңес жасырын дауысқа салуды қайта өткізеді.

## 5. Қазақстан ЖАК-ы қосымша қорытынды жасауға (ұжымдық пікірге) жіберген диссертацияны қарайтын диссертациялық кеңестің мәжілісін өткізу

39. Аттестациялық іспен бірге қосымша қорытынды жасауға (ұжымдық пікірге) жіберілген диссертация кеңеске келіп түскен күннен бастап екі ай мерзім ішінде қаралуға тиіс. Диссертацияны қарамастан бұрын, кеңес ізденушінің диссертациясымен танысып, аттестациялық іс құжаттарын қарауды, диссертация бойынша қорытындының жобасын әзірлеуді әрі бұрынғы сараптаудың әр кезеңінде айтылған ескертпелерге баға беруді кеңес мүшелерінен тұратын комиссияға тапсырады.

Диссертациялық кеңестің мәжілісіне ізденуші шақырылады, оның комиссия қорытындысымен алдын-ала танысуға құқығы бар.

Егер шақыртылған ізденуші келуден бас тартса немесе мәжілісті өзінің қатысуынсыз-ақ өткізуді сұраса, сондай-ақ оның қатысуы мүмкін болмаса, кеңес өз мәжілісін оның қатысуынсыз өткізу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Диссертациялық кеңестің мәжілісіне ізденушінің оппоненттері, жетекші ұйымның өкілдері және қажет болған жағдайда кеңеске шақырылған басқа адамдар да қатысуы мүмкін. Кеңес мүшелерінің қатысуы мәжіліс стенограммасында (олардың мамандықтары көрсетіліп) көрініс табуы қажет.

40. Төраға кеңестің мәжілісін ашарда кеңес мүшелерінің келу парағы бойынша (9-қосымша) мәжілістің құқықтылығы туралы хабарлайды ("Ереже", 28-б.).

Кеңес мәжілісін ашқаннан кейін, төраға қосымша қорытынды (ұжымдық пікір) жасауға жіберілген диссертацияны қарау жайында хабарлап, диссертацияның тақырыбын атап, диссертацияның бұдан бұрын қорғалған диссертациялық кеңесін, ресми оппоненттер мен жетекші ұйымды атап өтеді.

Бұдан кейін сөз ғалым хатшыға беріліп, ол ізденушінің аттестациялық ісіндегі құжаттардың негізгі мазмұнын қысқаша баяндайды.

41. Кеңес мәжілісіне ізденуші қатысып отырған жағдайда, оған диссертацияның негізгі қағидаларын баяндауға және қойылған сұрақтарға жауап беру үшін сөз беріледі.

42. Талқылау диссертациямен және аттестациялық істің құжаттарымен танысу тапсырылған комиссия мүшелерінің бірінің сөзімен басталады. Бұдан кейін сөз сөйлеуге кеңес мәжілісіне қатысушылардың бәрінің құқықтары бар. Пікірсайыс аяқталған соң, қатысып отырған ізденушіге қорытынды сөз беріледі.

43. Пікірсайыс біткеннен кейін, кеңес осы "Ереженің" 4-ші бөлімінде көрсетілген тәртіппен, диссертацияның "Ереже" талаптарына сәйкес келуі жайында жасырын дауысқа салуды өткізеді. Дауыс беру бюллетеньдер арқылы атқарылады (10-қосымша). Мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің жай көпшілігі жақтап дауыс бергенде ғана кеңестің шешімі оң деп есептеледі.

44. Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткен соң, кеңес мәжіліске қатынасқан мүшелердің жай көпшілігінің ашық дауыс беруімен қосымша қорытындының (ұжымдық пікірдің) мәтінін қабылдайды.

Қосымша қорытындының (ұжымдық пікірдің) мәтіні бекітілгеннен кейін, ол ізденушіге хабарланады.

Осымен кеңес мәжілісі өз жұмысын аяқтайды.

45. Диссертациялық кеңес төрағасы мен ғалым хатшы қол қойған мәжіліс стенограммасы және жасырын дауыстың нәтижелері көрсетілген қосымша қорытындының (ұжымдық пікірдің) мәтіні, оған қоса ізденушінің диссертациясы мен аттестациялық ісі үш апталық мерзім ішінде Қазақстан ЖАК-ына жіберіледі.

## 6. Диссертациялық кеңестің ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру) туралы мәселелерді қарағандағы мәжілісін өткізу

46. Диссертациялық кеңеске "Ереженің" 47-бабына сәйкес қорғаған адамды ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жайлы мәселе қарауға негіз болатын материалдар түскен жағдайда, кеңес өз мүшелерінен құрылған комиссияға бір ай мерзім ішінде оның негізділігін тексеруді тапсырады. Қажет болған жағдайда кеңес қызмет жасайтын ұйымның әкімшілігі арқылы тиісті сұраныс жасалады.

Комиссия тексерудің нәтижелері бойынша қорытынды жасап, оны кеңестің талқылауына ұсынады.

47. Диссертациялық кеңес комиссия дайындаған материалдарды бір ай мерзімде қарауға тиіс.

48. Кеңес мәжілісі ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі қойылған адамның қатысуымен өткізіледі, ол мәжіліс болардан ең кемі 10 күн бұрын хабардар етіледі.

Егер шақыртылған адам мәжіліске келуден бас тартса немесе оны шақырту мүмкін болмаған жағдайда, кеңес оның қатысуынсыз-ақ мәжіліс өткізу туралы шешім қабылдайды.

49. Төраға диссертациялық кеңестің мәжілісін ашарда кеңес мүшелеріне мәжілістің құқықтылығы туралы хабарлайды ("Ереже", 47-б.) және қорғаған

адамды ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) жайлы мәселенің қаралатынын жариялайды. Одан кейін комиссия құрамына кірген кеңес мүшесі баяндама жасайды. Оның сөзінен кейін, сөз ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі қойылған адамға беріледі, одан кейін кеңес мәжілісіне қатысушылардың бәрінің де сөз сөйлеуге құқығы бар.

50. Талқылаудан кейін кеңес "Ереженің" 4-ші бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді өткізеді. Дауыс беру бюллетеньдермен жүргізіледі (10-қосымша).

Ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) туралы кеңес шешімі оған кеңестің осы мәжіліске қатысқан мүшелерінің кем дегенде үштен екісі, бірақ тізімдегі құрамының жартысынан көбі дауыс бергенде қабылданды деп есептеледі.

Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткеннен кейін, кеңес жасырын дауыс берудің нәтижелерін ескере отырып, мәжіліске қатысушы кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен, дауыстардың жай көпшілігімен шешімнің мәтінін қабылдайды. Онда қарастырылған материалдардың мәні мен нәтижелері анық айқындалған болуы керек және Қазақстан ЖАК-ы алдына өтініш жасау үшін ғылыми дәрежені айыруға (қалпына келтіруге) негіздердің болуы немесе болмауы туралы қорытынды орын алуы тиіс.

51. Кеңес ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) мәселесі қойылған адамға жасырын дауыс берудің нәтижелері мен шешім мәтінін хабарлайды.

52. Егер кеңес Қазақстан ЖАК-ы алдына қорғаған адамды ғылыми дәрежеден айыруға (қалпына келтіруге) өтініш жасау туралы шешім қабылдаса, Қазақстан ЖАК-ына үш апта мерзім ішінде кеңестің төрағасы, ғалым хатшының қолы қойылған кеңес мәжілісінің стенограммасы және шешім мәтіні жіберіледі, онда жасырын дауыс берудің нәтижесі келтіріледі. Егер кеңеске ғылыми дәрежеден айыру (қалпына келтіру) туралы мәселені қарау жөніндегі тапсырманы Қазақстан ЖАК-ы берсе, бұл жағдайда да аталған материалдар Қазақстан ЖАК-ына жіберіледі.

## 7. Апелляцияны қарайтын диссертациялық кеңестің мәжілісін өткізу

53. Диссертациялық кеңеске кеңес шешіміне апелляция (шағым) түскен жағдайда, кеңес төрағасы кеңес мүшелері құрамынан құрылған комиссияға қажетті материалдарды зерттеуді және апелляция жөніндегі кеңес қорытындысының жобасын дайындауды тапсырады.

Егер шағым ғылыми дәреже беру мәселесі туралы кеңестің оң шешімінің үстінен берілсе, бұл туралы кеңес төрағасы Қазақстан ЖАК-ын бір жұма мерзім ішінде хабардар етеді.

Диссертациялық кеңеске түскен шағым бір ай мерзім ішінде, қажет болған

жағдайда жоспардан тыс мәжіліс өткізу арқылы қаралуға тиіс.

Кеңес мәжілісіне, мәжіліске дейін 10 күн бұрын алдын-ала хабардар етіліп, кеңестің пікірінше онда қойылған мәселенің мән-мазмұнына тікелей қатысы бар шағым авторы (авторлары), ізденуші және тағы басқа адамдар шақырылады. Егер апелляция авторы кеңес мәжілісіне дәлелді себептермен келмеген жағдайда кеңес мәжілісі кейінге қалдырылады. Егер апелляция авторы кеңес мәжілісіне дәлелсіз себептермен келмесе, мәжіліс оның қатысуынсыз өткізіледі.

Кеңес мүшелерінің қатысуы стенограммада (олардың мамандықтары көрсетіліп) жазылуы тиіс.

